

МКҚК “Шұғыла” бөбекжай - бақшасының “Балапан” кіші жас тобының тәрбиешісі Туралиева Н.С 2025 - 2026 оқу жылының жұмыстарының есебі.

Жыл басында 20 тәрбиеленуші болып, жыл соңында 1 тәрбиеленуші бөбекжайдан шығарылып 19 тәрбиеленуші болып аяқтап жатырмыз.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде (№499) қыркүйек айының перспективалық жоспары және де Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде (2022 ж 14 қазан №422) қазан айынан бастап, оқу жылының мамыр айына дейінгі перспективалық жоспары құрылды. Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сүйіне отырып жүзеге асырдым.

Дені сау баланы тәрбиелеуді, салауатты өмір салты негіздерін нығайтып, балаларды сөйлеуді, сөздік қорын қалыптастырып, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық дағдыларын меңгердім.

Әр аптаның Дүйсенбісінде әнұран айтылып, қалған күндері таңертеңгілік жаттығуларды әр түрлі спорттық құралдармен өткіземін. Үлестірмелі материалдарды бала санына қарай толықтырып жасадым.

Жыл бойы 4 жиналыс өткізілді. Медбике, психолог кеңестері берілді.

Қыркүйек айында топ аралық «Әкем, анам және мен спорт сүйер отбасы» атты спорттық эстафета сайысын өткіздім.

Қазан айында «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Күз сыйы – туған елге» көрме ұйымдастырылды. «Менің Қазақстаным» атты сурет көрмесі өткізілді. «Республикам Мақтаншым» атты шағын іс – шара өткізілді.

Желтоқсан айында «Жаңа жылды қарсы аламыз» атты ертеңгілін өткіздік.

Ақпан айында «Жаңа өмір сыйлайық» қалдық заттардан жасалған дамытушы ойындар көрмесі өткізілді. Сонымен қатар бөбекжайымызда «Жасыл балабақша» жобасы аясында облыстық семинар өткізілді. Семинарда «Табиғат сыйы: Дәруменге бай шөп шайлары» атты шай терапиясын өткізіп, алғыс хатпен марапаталдым. Ақтөбе облысы әдістемелік орталығы өткізген пед олимпиадаға қатысып, II дәрежелі дипломға ие болдым.

Наурыз айында 8 наурызға орай «Аяулы анашым» атты ертеңгілік өткіздік. 22 наурыз мерекесіне орай «Жаңару мен мейірімділік меркесі Наурыз - жыл басы» атты топтар арасында ертеңгілік өткіздім. Терісақан ауылында ЖИ туралы аудандық семинарға қатыстым.

Сәуір айында «Нұрлы болашақ» балабақшасында облыстық семинарға қатыстып, сертификатқа ие болдым. Сәуір айында «Заң мен тәртіп идеологиясын ілгерлету мақсатында «Біздер ойнаймыз» атты ойндар өткіздім.

Мамыр айында 1 мамыр бірлік күніне орай «Достық шеңбері» атты мерекелік іс шара өткіздім. Мұражай күніне орай, Аудандық мұражайға тәрбиеленушілермен бірге саяхат жасадық. 15 мамыр күні отбасы мерекесіне орай «Әкем, шешем және мен» атты бейнероликтер жасап, интернет желісіне жарияладым.

Жалпы балалардың жалпы жеке даму көрсеткіші қыркүйек және қаңтар айымен салыстырғанда нәтижесінің көрсеткіші жоғары деңгейге өзгерген. Сонымен қатар онлайн байқауларға тәрбиеленушілерімді қатыстырып I және II дәрежелі орындарға ие болып алғыс хаттармен марапатталды.

Бөбекжайдан тыс қоғамдық іс – шараларға белсене қатыстым. Соның ішінде 1 маусым балалар қорғау күніне орай Ряйлан Софиямен шеруге қатыстым.

“Балапан” кіші жас тобының тәрбиешісі:  Туралиева Н.С